

Ембі-5 елді мекенін Жем деп өзгерту туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 6 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 сәуірде N 482 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы 11 бабының 4) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат және облыс әкімі **Шешім етеді:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мұғалжар аудандық мәслихаты мен әкімінің, облыстық ономастикалық комиссиясының ұсыныстары қабылдансын және Мұғалжар ауданындағы "Ембі-5" елді мекені "Жем" деп өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылсын.

Облыстық Мәслихат
сессиясының төрағасы

Облыс әкімі